ДӘРІС 3. Алтын Орданың құрылуы және оның империямен қарым-қатынасы (1 сағат)

Мақсаты:

Алтын Орданың пайда болу себептерін, құрылу кезеңдерін және Моңғол империясымен саяси-экономикалық байланыстарын анықтау.

Міндеттері:

- Алтын Орданың құрылу барысын және негізгі кезеңдерін талдау;
- Батый ханның жорықтарының тарихи маңызын көрсету;
- Алтын Орда мен Моңғол империясы арасындағы саяси байланыстардың сипатын түсіндіру;
- Алтын Орданың Еуразиядағы ықпалын бағалау.


ШЫҢҒЫСХАН НЕГІЗДЕГЕН
МОҢҒОЛ МЕМЛЕКЕТІ
(XII-XIV ғғ.)
Байқал көлі
Бұлғашындар
Өмір(Амур)
Солондар
Шылқы
Шығыс Саян
Қырғыздар
Ангара
Гурван
меркіттер
Жалайырлар
Ертіс
Батыс Саян
Енесай
Дубо
Ойраттар
Тану-ола
Байырғу
Селенга
Тайчуйттар
Аргун
Онон
Хамаг моңғолдар
Зайсан
көлі
Алтантаулары
Наймандар
Керейттер
(1203-1204)
Қарақорым
Керулен
Татарлар
(1202 ж.)
Қарақидандар
Улкен Хинган жотасы
Гоби шөлі
(Дешті құм)
Тянь - Шань
Қоңыраттар
Ұйғырлар
(1047-1218)
Хуанхэ
Таңғұт хандығы
(1031-1227)
Оңғыттар
Цзиннің Чжурген мемлекеті
Кидандар
Бохай
шығанағы
Сары
теңіз

Шыңғыс хан



Татар-моңғол тайпаларының саяси жағынан басын біріктіріп, моңғол феодалдық мемлекетінің негізін салушы Тэмуджин болды. Ол 1155 жылы ірі ноян Есугей бахадурдың отбасында туған.

1206 жылы көктемде Онон өзені жағасында Тэмуджинді моңғол ақсүйектерінің құрылтайы болып оны Шыңғыс деген атпен моңғолдардың әміршісі етіп жариялайды.

Шыңғыс хан әскери-ұйымдастыру принципін мемлекеттік құрылыстың негізі етіп алады. Елдің бүкіл жері мен халқын он қанат (барунғар), сол қанат (жоңғар) және орталық (гол) атты үш әскери әкімшілік округке бөліп, әрбір округте он мың адамнан тұратын бірнеше түмендер болды. Олар өз кезегінде «мыңдық», «жүздік», «ондықтан» тұрды.

1207—1208 жж. қысында Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошы Енесей қырғыздарын және Сібірдің оңтүстігіндегі басқа да «орман халықтарын» бағындырды.

1208-1209 жж. Шыңғыс хан әскерлері тұтқиылдан шабуыл жасап, танғұттық Си ся мемлекетін күйретті.

1211-1215 жж. Шыңғыс хан қолы Қытайды жаулайды.

1219-1224 жж. шапқыншылық салдарынан Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыс хан империясының қол астына кірді.

1227 жылы Шыңғыс хан қайтыс болды.

Шыңғыс хан 1227 жылы тамыз айында қайтыс болғанынан дейін Моңғолияға жақын маңда тұратын халықтардың жерлері ғана емес, сондай-ақ Қытай,Орталық Азия және Ертістен батысқа қарай далалық аймақты қамтыған алып империяның негізін қалап кетті.

Шыңғыс хан қайтыс болғынымен мұрагерлері оның саясатын өзгерткен жоқ.Олар барлық күш жігерлерімен Шыңғыс ханның өсиетін – «моңғол жылқысының тұяғы жеткен» жердің барлығына өздерінің билігін жүргізуді жүзеге асыруға тырысты.

Алтын Орда тарихы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұлысына тиесілі болған, Балқаш көлі мен Аоал теңізінен солтүстікке қарай созылған далалық аймақты, Ертістен Жайыққа дейінгі аумақта тікелей қатысты. Шыңғыс хан өліміне дейін 6ай бұрын қайтыс болған Жошының мұрагері ретінде үлкен ұлы Бату таңдалды. Оның билік басына келу себептері Өтеміс қажының еңбегінде суреттелген.

Жошы хан



Жошы хан (1187 -1227 жылдары) – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, моңғол қолбасшысы. Моңғол шапқыншылығынан кейін Қыпшақ даласында құрылған жаңа мемлекет - Жошы ұлысының негізін қалаушы, атақты Шыңғыс ханның қоңырат қызы Бөрте бәйбішесінен туған төрт ұлдың үлкені

1229 жылы моңғол құрылтайының шешімі бойынша, Батуға Үгедейге берілген ұлыстың шығыс бөлігіндегі жерлердің (Ертіс өзенінен өзенінен шығысқа қарайғы жерлер) өтемақысы ретінде батыста орналасқан жерлерді жаулап алуға бұрық берілді. Бірақ бұл жорықта моңғолдарға тек Жайыққа дейін ғана жетті. 1235 жылы өткен құрылтайда «бағынбаған халықтарды жою» м»селесі екінші рет талқыға салынып, ендігі тұста Батудың қонысына көрші жатқан, әлі толық бағындырылмаса да өздерінің «саны жағынан көптігімен мақтаныш тұтып отырған» бұлғарлар, астар, орыстарды жаулап мақсаты қойылды. Батудың батысқа жорығына Ұлы хан Угэдэйдің ұлдары Күйік пен Қадаған, Төленің ұлдары – Мөңке және оның інісі Бучен қатысты.

Алтын Орданы көлемі жағынан алып қарастырсақ ол ортағасырдағы ірі мемлекеттердің бірі болып табылады. Х1У-ХУ ғасырлардағы араб және парсы авторлары оның көлемін жуықтап көрсетеді. Араб авторларының көрсетуі бойынша оның ұзындығы 8 айлық, ені 6 айлық жолды құраған. Басқа авторлар бұл мерзімді 6 айлық және 4 айлық деп те көрсетеді. Дегенмен, бұл сандар Алтын Орданың жалпы аумағының көлемін ғана көрсетеді.

Алтын Орда мемлекеті

Алтын Орданы көлемі жағынан ортағасырдағы ірі мемлекеттердің бірі болып табылады. Негізін қалаған Жошы ханның баласы-Бату хан. XIV-XV ғасырлардағы араб және парсы авторлары оның көлемін жуықтап көрсетеді. Араб авторларының көрсетуі бойынша оның ұзындығы 8 айлық, ені 6 айлық жолды құраған. Басқа авторлар бұл мерзімді 6 айлық және 4 айлық деп те берген. Дегенмен, бұл сандар Алтын Орданың жалпы аумағының көлемін ғана сипаттайды.





Тарих ғылымында Алтын Орданың шекараларын анықтаған кезде төмендегі жайттарды ескеру керек:

1. Жазба деректерде шекараға байланысты мәліметтер толық емес;

2. Алтын Орда аумағы тұрақты болған жоқ, ол оның өмір сүрген кезеңінде әрдайым өзгеріп отырды.

XIII ғасырдағы мемлекеттің жалпы территориясын төмендегідей көрсетуге болады. Алтын Орданың шығыс бөлігіне Жошы ұрпақтарының иеліктерін метраполиядан бөліп жатқан және Ертіс және Чулыман өзендері шеткері аймағы болып табылатын Ібір және Сібір облыстары кірді. Бұл жердегі ең шеткері Барабин және Құлынды далалары болып табылады. Сібір аймағындағы солтүстік шекарасы Обь өзенінің орта ағысында орналасты. Бұнда нақты жерлер ескі деректерде айтылмаған тек ғана табиғаттың малға қолайлы жерлерімен ғана көрсетілген. Оңтүстік шекара мемлекеттің Алтай тауы бойынан Балхаш көлінің солтүстігі мен батысқа қарай Сырдарияның орта ағысымен, Арал теңізінен оңтүстікке қарай Хорезм ұлысына дейінгі жерді алып жатты. Бұл аудандар ежелден жер шаруашылығы жақсы дамыған, Алтын Орданың оңтүстік ұлысының құрамына кірген еді. Бұл аймақтың орталығы Ургеніш қаласы болды. Ургеніштен оңтүстікке қарай орналасқан Хиуа Алтын Орданың құрамына кірмеді. Хорезмге солтүстік-батыстан түйісіп жатқан Үстүрт жазықтығы және Маңғышлақ аралы да Алтын Орда жайылымдарының байланыс зонасы болды. Каспий теңізінің батыс жағалауындағы жошы ұрпақтарына тиесілі шекаралас қалалардың бірі Дербент болды. Шығыс жылнамаларында оны Темір қақпа деп атаған. Осы жерден шекара Кавказ тауларының солтүстік бойымен Таман түбегіне дейін созылды және толықтай Алтын Орданың құрамына кірді. XIII ғасырда кавказдық шекара бірден-бір ең тынышсыз жерлердің бірі болды. Мұндағы жергілікті халықтар (черкастар, аландар, лезгиндар) әлі моңғолдарға толық бағынбаған ідң, сондықтан олар жаулап алушыларға қарсылықтар көрсетті.

Мемлекеттің шекарасы Қара теңізден батысқа қарай Дунайға дейін созылып жатты. Мемлекеттің солтүстік бөліктері Карпатпен аяқталып өзіне Пруто-Днестр өзен аралықтарындағы шөлді аймақты қосып алды. Дәл, осы жерде Алтын Орда мен орыс княздіктерінің шекарасы басталды. Днестр және Днепр арасындағы шекара қазіргі Винниц және Черкасск облыстарының аудандарына дейін созылды. Днепр бассейніндегі орыс княздарының иеліктері Киев және Каневаның арасында тоқтап қалды. Осы жерден шекара қазіргі Харьков, Курск және одан әрі қарай Донның сол жақ жағалауына дейінгі аралықта жүрді. Рязан княздігінен шығысқа қарай Мокша өзенінен Еділге дейін орманды алқапты мордова тайпалары мекендеп жатты. Моңғолдар қалық оман басқан аймақтарға асса қығыза қоймады, дегенмен мордова тайцпалары да Алтын Ордаға бағынышты тайпалардың бірі ретінде саналып оның солтүстік ұлыстарының бірін құрады. Бұл жағдай XIV ғасырдағы деректиерде анық көрсетілген. Еділ бойы аймағында XIII ғасырдың өн бойында мемлекеттің шекарасы суры өзенінен солтүстікке қарай өтті, ал келесі жүзжылдықта ол Суры өзенінің асағаларыне дейін жетіп, тіпті одан оңтүстікке қарай созылды. Қазіргі Чувашияның кең көлемді аумағы да XIII ғасырда моңғолдардың билігіне бағынды. Еділдің солтүстік жағалауында Алтын Орданың шекарасы камадан солтүстікке қарай созылып жатты. Мұндағы бұрынғы Еділ бұлғарларының иеліктері де Алтын Рданың құрамдас бөлігі ретінде саналды. Орта және оңтүстік Оралда қоынстанған башқұрттар да моңғол мемлекетінің бір бөлігін құрады. Бұл аймақта моңғолдарға Белый өзенінен оңтүстікке қарайғы барлық жерлер тиесілі болды.

Алтын Орданың орыс жерлерімен шектескен аймақатарын қарастыру барасында оның буферлік аймақтар деп аталған бірқатар бөліктері айырықша қызығушылық туғзады. Бұл аймақтар саяхатшылардың сиапттамаларында, жылнамалардың мәліметтері мен археологиялық материалдар арқылы ерекше көзге түседі. Буферлік аймақтар Алтаын Орда мен орыс княздіктерінің арасындағы біршама кең көлемді, 50 –ден 200 шақырымға дейінгі аумақты алып жатқан кең көлемді аумақтар ретінде көрініс береді. Олардың ерекшелігі мұнда орда әкімшілігі басқаратын орыс халқы тұратын еді. Мысал ретінде Плано Карпинидің Киев арқылы Алын Ордаға барған жолындағы сиапптап кеткен аймағын алуға болады. Саяхатшы Киевтен шыққаннан кейін «Канов деп аталатын, татарлардың билігіне тікелей бағанышты бір ауылға келеді». Одан әрі саяхатшы «Михей атты бір алан басқаратын» келесі бір ауылға келеді. Михеймен қоштасқаннан кейін саяхатшылар Днепрдің мұзымен он бес күндік жолды артқа тастап, содан кейін ғана далдағы моңғолдардың шекаралық заставасына келіп жетеді. Көріп отырғанымыздай Киевпен және Алтын Орданың меншікті аумағын қорғайтын алғашқы моңғол заставасының арасында ерекше буферлік аймақ болған. Орыс жерлері мен Алтын Орда аралағында ерекше буферлік аймақтардың пайда болуы 1237-1240 жылдардағы моңғол шапқыншылықтарына байланысты. Бату әскерлерінің аталаған аймақтарға жасаған үздіктісз жорықтарынан кейін бұл жерлердің халқы бірте-бірте біршама тұрақты, қауіпсіз солтүстік аймақтарға қоныс аудара бастайды. Мұндай иеліктерді иеленген орыс княздары да бірте-бірте моңғолдармен тікелей көрші болып шыға келді. Бұл жағдай орыс иеліктері үшін саяси дербестігінен толық айырылуы ғана емес, сондай-ақ шаруашылықтық тұрғыдан да тоқырауға ұшырау қаупін туғызды. Екінші жағынан бұл аймақтардың экономикасы күйреп қана қойған жоқ. Сонымен бірге оны қайданан қалпына келтіруді талап етті. Бірақ аталаған аймақтарда халық санның азаюы бұл міндеті жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін еді. Нәтижесінде княздер өз иеліктерінен бас тартып, солтүстікке қарай ойысып, мұндағы ірі феодалдарға қызметке тұрды.

Алтын Орданың әскери қуаты мемлекет шакарасының тұрақтылығын XIV ғасырдың өн бойы мен келесі ғасырдың басына дейін қамтамасыз етіп тұрғандығыны атап айту керек. Алайда, XV ғасырдың екінші жартысынан кейін Алтын Орда өзінінің шеткері аймақтарынан айырыла бастады.

Алтын Орданың шекаралық аумақтарын саралй келе, оның ортағасырлар кезеңіндегі аса ірі мемлекет болғандығына көз жеткіземіз. Қуатты әскери күші мен ұлан-ғайыр аумақты иеленіп жатқан мемлекеттің халқының саны да сәйкесінге болуы тиіс еді. Этникалық тұрғыдан алағанда Алтын Орда халқы түрлі халықтардың басын қосқан ала-құла мемлекет болды. Өкінішке орай. Алтын Орда құрылғаннан кейін моңғол хандары жүргізген халық санағының материалдары ғылым үшін мәңігілікке жоғалғандықтан, Жошы ұлысы халқының этникалық құрамы мен саны туралы нақты мәліметтер беру өте қиын.

Ең алдымен Алын Орда тұрғындарын құраған халықтар ретінде моңғолдарға бағыныштылыққа түскен еділ бұлғарлары, орыстар, бұртастар, башқұрттар, мардовалар, ястар, шеркештерді атап өту керек. Сондай-ақ олардың қатарында парсылар, армяндар, гректер, грузиндер, әзірбайжандарда болды. Дегенмен, Алтын Орданың негізгі халқын моңғолдар келгенге дейін дешті Қыпшақ даласын мекендеген қыпшақтар құрады. Орыс деректерінде оларды «половцы» деп атағаны белгілі. Қыпшақ компонентінің басқа халықтардан едәуір басым болуы өзіндік жағдайдың қалыптасуына әкеліп соқты. XIV ғасырдың өзінде –ақ жаулапалушылар қыпшақтарға сңісіпі, олардың тілін, мәдениетін, жазуын қабылдайды. Бұл жағдайға XIV ғасырда Алытын Ордадағ ислам дінінің ресми дін ретінде жариялануы да ықпал жасайды.

XIVғ. Араб жазушысы әл-Омари моңғолдар аз уақытта моңғолдық қасиеттерін жоғалта бастады деп жазады. Онда: «ежелгі бұл мемлекет қыпшақтар елі болған, бірақ оны татарлар басып алғаннан кейін, қыпшақтар олардың бағынушыларына айналған.Одан кейін олар және татарлар сіңісіп кеткен. Олармен туысқан болып және сол жердің табиғатымен татарлар ақырындап қыпшақтарға айналады, екеуі бір рудан тараған секілді болып кетті. Моңғолдың Қыпшақ жеріне келіп, олармен отбасы құрып, өмір сүруге қалған еді. Моңғол мемлекетінің де жаулап алушылары да ақырындап тұрғылықты тұрғындар ортасына сіңісіп кеткен».

Ортағасырлық тарихышының қалдыраған мәліметтерін XIV ғасырдағы Алтын Ордалық молаларға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері де дәлелдеп отыр. Бұлардан табылған археологиялық матариалдарға жасалаған антропологиялық зерттеулер моңғолдардың қыпшақтық ортаға толықтай сіңісіп кеткендігін көрсетті.

Жаулап алу жорықтарынан кейін бату ханмен бірге Алтын Орда аумағында қалған моңғолдардың нақты саны туралы жазба деректерде өте аз әрі көмескі мәліметтер ғана сақталған. Тек қана Шңығыс ханның үлкен ұлы Жошыға 4000 әскер шығаруға мүмкіндігі бар халықты ғана бөліп бергендігі айтылады. Бұл оқиға XIII ғасырдың 20-шы жылдары орын алған. Міне осы кезеңнен Алын Орда құрылғанға дейінгі аралықта халық саны табиғи түрде өскен болуы тиіс деп болжауға болады. Дегенмен, Батудың аталған халықтың жартысын ағасы Орда Еженге бөліп бергендігін, сондай-ақ олардың «батысқа жорық» барысында да шығынға ұшырағандығын ескеруіміз қажет.

Бекіту сұрақтары

Алтын Орда мемлекетінің құрылу алғышарттары қандай болды?

Батый ханның Батысқа жасаған жорықтарының тарихи нәтижелерін атаңыз.

Берке ханның саясаты неліктен Алтын Орданың дербестенуіне әкелді?

Алтын Орданың аумағы мен әкімшілік құрылымы қандай болды?

Алтын Орданың Еуразия өркениетіндегі рөлін қалай бағалауға болады?

Пайдаланылған әдебиеттер

Карибаев Б.Б., Ноғайбаева М.С. Алтын Орда және Қазақ хандығы. Алматы., 2022. – 180 бет.

Сафаргалиев М.Г. *Распад Золотой Орды.* – М., 1960.

Егоров В.Л. *Историческая география Золотой Орды.* – М., 1985.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – Т.2. – Алматы, 2010.

Трепавлов В.В. *Степные империи Евразии. Монголы и татары.* – М., 2018.

Shamiloglu Y. *Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde.* – Kazan, 2019.

Favereau M. *The Horde: How the Mongols Changed the World.* – Harvard University Press, 2021.